

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 101 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 шілде N 1016

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 101 P020101_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 16-қосымшада:

2-тармақта "2001 жылғы 2 сәуірдегі N 433 қаулысы" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Ресей ғарыш агенттігі арасындағы "Протон" ЗТ ұшырудың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған қызмет туралы 1997 жылғы 5 тамыздағы келісім." деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағында "Протон" зымыран тасығыштарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын зымыран-ғарыштық қызметтің экологиялық проблемаларын шешу" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Протон" зымыран тасығыштарын ұшыру әсерінің салдарын талдау, Қазақстан Республикасының аумағында "Протон" зымыран тасығыштары пайдаланылатын аудандардың экологиялық жай-күйін бағалау және болжау, "Протон" зымыран тасығыштары пайдаланылатын аудандардағы экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және іске асыру.";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

"қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағында "Протон" зымыран тасығыштарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын зымыран-ғарыштық қызметтің экологиялық проблемаларын шешу" деген сөздермен толықтырылсын;

"тапсырмаларға" деген сөзден кейін "және халықаралық келісімдерге" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"гептилдің сорбциялық және миграциялық қасиеттерін, ауа-райының

жағдайына, топырақтың тұрпатына және оның физикалық-химиялық сипаттарына, гептилдің табиғи объектілердегі тотығу және жиналу өніміне қарай ыдырау жағдайларына байланысты оның булануын, тұрақтылығын, жымдасуын зерделеу жөніндегі зерттеулер жүргізілді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б